

Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 31 қаңтар N 165 Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.09.04. N 970 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының жекелеген мемлекеттік органдарын қайта ұйымдастыру, тарату және құру туралы" 2000 жылғы 13 желтоқсандағы N 507 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі туралы е р е ж е ;

2) Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің қарауындағы ұйымдардың тізбесі (бұдан әрі - Тізбе);

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

2. Тізбеде көрсетілген республикалық мемлекеттік кәсіпорындар Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің бағынысына берілсін.

3. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министріне төрт, соның ішінде бір бірінші вице-министрі болуына рұқсат етілсін.

Ескерту. 3-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.10.16. N 1332 қаулысымен

4. Мына ведомстволар:

1) Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс істері жөніндегі комитеті Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Құрылыс істері жөніндегі комитеті;

2) Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті;

3) Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Антидемпингтік бақылау жөніндегі комитеті Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Антидемпингтік бақылау жөніндегі комитеті ;

4) Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитеті Қазақстан Республикасы Экономика

және сауда министрлігінің Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитеті болып қайта ұйымдастырылсын.

5. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігін ұстауға жұмсалатын шығыстарды қаржыландыру индустрия (атом, тау-кен металлургиясы, химия және мұнай химиясы өнеркәсібінен басқа) және сауда саласындағы функциялар мен өкілеттіктер берілуі бөлігінде қайта ұйымдастырылған Қазақстан Республикасының Экономика министрлігін және Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігін ұстауға республикалық бюджетте көзделген қаржының есебінен жүзеге асырылатыны белгіленсін.

6. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен өзіне ведомстволық бағыныстағы ұйымдарды әділет органдарында қайта тіркеуден өткізсін және осы қаулыны іске асыру жөнінде өзге де шаралар қабылдасын.

7. "Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 30 қарашадағы N 1817 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 52, 519-құжат) күші жойылды деп танылсын.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2001 жылғы 31 қаңтардағы

N 165 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан

Республикасының

Экономика

және

сауда

министрлігі

туралы

ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) басшылықты, сондай-ақ заңнамамен көзделген шегінде Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттарын әзірлеуді салааралық үйлестіруді, сондай-ақ осы бағыттардың іске асырылуын бақылауды жүзеге асырушы, қорғаныс тапсырысын қалыптастыру, орналастыру және орындау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырушы орталық атқарушы орган болып табылады.

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.05.02. N 589 қаулысымен.

2. Министрлік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы

Үкіметінің кесімдеріне, өзге нормативтік құқықтық кесімдерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Министрлік мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлғасы болып табылады, мемлекеттік тілдегі өз атауымен мөрі және мөртаңбасы, белгіленген үлгідегі бланкісі, сондай-ақ банктерде заңнамаға сәйкес есеп-шоты болады.

Министрлік өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастар жасайды.

Министрлік егер ол заңнамаға сәйкес өкілетті болса, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастар тарабы болуға құқы бар.

4. Министрлік өз құзырындағы мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен бұйрықтар шығарады.

5. Министрліктің Ережесін және штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

6. Министрліктің заңдық мекен-жайы: Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 33.

7. Министрліктің толық атауы - "Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі" мемлекеттік мекемесі.

8. Осы Ереже Министрліктің құрылтайшы құжаты болып табылады.

9. Министрлік қызметін қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Министрлікке өзінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға отыруға тиым салынады.

Егер заң актілерімен Министрлікке кіріс келтіретін қызметті жүзеге асыруға құқық берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кіріс мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Министрліктің негізгі міндеттері, функциялары және құқықтары

10. Министрліктің негізгі міндеттері:

1) мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеу және елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының мониторингін жүзеге асыру;

2) экономикалық дамудың мемлекеттік саясатын, инвестициялық, сыртқы экономикалық, өнеркәсіптік (атом, тау-кен металлургиясы, химия және мұнай химиясы өнеркәсібінен басқа) сауда, аймақтық саясат әзірлеу және іске асыруға қатысу және әлеуметтік саясат әзірлеуге қатысу;

3) Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуын экономикалық талдау, болжау және реформалардың барысын бағалау;

4) Қазақстан Республикасы Үкіметінің Іс-қимыл бағдарламасын, оны іске

асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарын әзірлеу және олардың орындалуын бақылау ;

5) мемлекеттік инвестициялар бағдарламасын әзірлеу және оның орындалуын бақылау ;

6) инвестициялық саясатты дамыту стратегиясын әзірлеу және іске асыру;

7) ықтимал инвесторлар тарту және инвестициялық жобаларды іске асыру жөнінде мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп ұйымдарға жәрдем көрсету ;

8) өз құзыры саласында өнеркәсіп салаларын және ресурстық және технологиялық базаны өзгерту негізінде құрылысты дамыту және реформалау бағдарламаларын әзірлеу, ведомстволық бағыныстағы ұйымдарды қайта ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар дайындау;

9) тарифтік және тарифтік емес реттеу әдістерімен сыртқы экономикалық қызметті реттеуге қатысу ;

10) демпингке қарсы бақылауды қамтамасыз ету және отандық тауар өндірушілерді қорғау жөнінде шаралар кешенін жүргізу;

11) мемлекеттік активтерді тиімді басқару және мемлекеттік меншікті жекешелендіру саясатын жүргізуге қатысу;

12) стандарттау, метрология және сертификаттау саласында мемлекеттік саясат жүргізу ;

13) экспорттық бақылау саласында мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру ;

14) Қазақстан Республикасының өнеркәсіп саласындағы ғылыми-техникалық және технологиялық дамуының негізгі бағыттарын әзірлеуге қатысу және іске асырылуын қамтамасыз ету ;

15) ғылыми-техникалық салада, жаңашылдық қызметте кәсіпкерлікті дамыту үшін қажетті жағдайлар жасау, ғылыми-техникалық өнім рыногын қалыптастыру ;

16) жұмылдыру даярлығы және жұмылдыру саласында республикада бірыңғай мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеу және жүргізілуін қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының жұмылдыру жоспарын дайындау болып табылады .

11. Министрлік заңнамада белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады :

1) Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарларын, өнеркәсіп және сауда саясатын әзірлеуді және іске асыруды әдістемелік және ұйымдық қамтамасыз ету;

2) орталық және жергілікті атқарушы органдардың қатысуымен әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі бағыттары қамтылатын қысқа

мерзімді және орта мерзімді индикативтік жоспарлар әзірлейді;

3) болжамдық теңгерімдер және ұлттық есептер жүйесін әзірлеуді және үйлестіруді қамтамасыз етеді;

4) мүдделі орталық және жергілікті атқарушы органдардың қатысуымен Елдің өндіргіш күштерін дамытудың және орналастырудың схемасын әзірлейді;

5) елдің, Қазақстан Республикасының аймақтарының және салаларының әлеуметтік-экономикалық дамуының мониторингін жүргізеді;

6) өз құзыры шеңберінде нормативтік құқықтық және өзге кесімдер жобаларының экономикалық сараптамасын жүзеге асырады;

7) халықаралық қаржылық және экономикалық ұйымдардың (ХҚЭҰ) және донор елдердің қаржылай және техникалық көмегін тартудың және пайдаланудың басым бағыттарын айқындайды және оны үйлестіруді жүзеге асырады;

8) мемлекеттік органдардың ХҚЭҰ-мен және донор елдермен жұмысын үйлестіреді;

9) тарифтік және тарифтік емес әдістермен сыртқы экономикалық қызметті реттеу жөнінде шаралар әзірлейді;

10) Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық саясат саласындағы басымдықтарын әзірлейді және басқа мемлекеттермен, халықаралық ұйымдармен жасасқан экономикалық шарттары мен келісімдері бойынша мүдделі орталық және жергілікті атқарушы органдардың қатысуымен ұсыныстар енгізеді;

11) тарифтік және тарифтік емес реттеумен байланысты мәселелерді шешу кезінде Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) және Кеден одағына (КО) мүшелігі мәселелері бойынша саясатын әзірлеуде және жүргізуде орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіреді;

12) шетелдермен сауда ынтымақтастығы жөнінде ұсыныстар дайындауда Қазақстанның халықаралық экономикалық және қаржы ұйымдарының қызметіне қатысуымен байланысты мәселелер бойынша мемлекеттік саясат қалыптастыруға және іске асыруға қатысады;

13) сыртқы және ішкі тауар рыноктарындағы конъюнктураны зерделейді және экспорт пен импорттың құрылымын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

14) демпингтік және субсидиялық бағалар бойынша артқан импортпен немесе импортпен тауарларды отандық өндірушілерге келтірілетін нұқсанды жою мәселелері бойынша салааралық үйлестіруді жүзеге асырады;

15) демпингке қарсы, өтемақылық және арнайы кеден баждары, сандық шектеулер енгізу мәселелері бойынша басқа елдердің ресми органдарымен және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды;

16) тауарлар импортын реттеу және шектеу жөнінде шаралар әзірлейді;

17) 10 миллион АҚШ долларынан астам баламалы сомада резиденттерден резиденттер еместердің пайдасына валюталық құндылықтардың өтуін (ауысуын) көздейтін, капитал қозғалысымен байланысты операцияларға лицензиялар беруді к е л і с е д і ;

18) әлемдік-экономиканың жай-күйін және дамуын талдайды;

19) экономикалық қауіпсіздік мәселелерін талдайды;

20) орталық және жергілікті атқарушы органдардың қатысуымен стратегиялық жоспарлар негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің Іс-қимыл бағдарламасын және оны іс жүзіне асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарын қалыптастырады, олардың орындалу мониторингін жүзеге асырады және оларды түзету жөнінде ұсыныстар енгізеді;

21) Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары және Үкіметтің Іс-қимыл бағдарламасын іс жүзіне асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етеді;

22) Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасын әзірлеуді методологиялық қамтамасыз етуді, ұйымдастыруды және іске асыру мониторингін жүзеге а с ы р а д ы ;

23) Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасына, сондай-ақ отандық тауар өндірушілерді қолдаумен және импорт алмастыратын өндірістерді дамытумен байланысты бағдарламаларға енгізу үшін ұсынылатын инвестициялық жобалардың экономикалық сараптамасын жүргізеді;

24) өз құзыры шеңберінде өнеркәсіпте мемлекеттік инвестициялық саясат әзірлейді және іске асырады, тікелей инвестициялар ағынының қозғалысына талдау жүргізеді, оларды тартудың және ынталандырудың тәжірибесін з е р д е л е й д і және қ о р ы т а д ы ;

25) ықтимал инвесторлар тартуда және инвестициялық жобаларды іске асыруда ұйымдарға жәрдем көрсетеді;

26) атқарушы өкімет органдарының құрылымын жетілдіру және өзара іс-қимылы жөнінде ұсыныстар әзірлейді, мемлекеттік органдармен бірлесіп, атқарушы өкімет органдарының қаржылық-экономикалық функцияларын және өкілеттіктерін айқындайтын нормативтік кесімдер әзірлеуге қатысады;

27) Министрліктің құзырына кіретін бағыттар бойынша мемлекеттік және салалық бағдарламалар әзірлейді;

28) жұмылдыру даярлығы және жұмылдыру бойынша жоспарланатын іс-шаралар ұйымдастырумен және өткізумен орталықтандырылған басшылықты қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

29) өз құзыры шеңберінде мемлекеттік өнеркәсіп және сауда саясатын әзірлейді және іске асырады;

30) өз құзыры шеңберінде өнеркәсіп саясатын іске асыру жөнінде іс-қимылдың салааралық жоспарларын әзірлеуді және орындалуын ұйымдастыруды жүзеге асырады;

31) өз құзыры шеңберінде өнеркәсіпті және құрылысты дамытудың салааралық бағдарламаларын әзірлейді және орындалуын ұйымдастырады;

32) өз құзыры шеңберінде елдің өнеркәсіп және құрылыс кешендері дамуының стратегиялық жоспарларын әзірлейді;

33) халықаралық талаптарға сәйкес стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы қызметті үйлестіреді және бірыңғай ғылыми-техникалық саясатты іске асырады;

34) мемлекеттік активтерді тиімді басқару және оны іске асыру саясатын әзірлеуге қатысады;

35) республикалық мемлекеттік кәсіпорындарды мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ оларға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісі функцияларын жүзеге асырушы орган болады;

36) мемлекеттік меншікті жекешелендіру процесіне қатысады;

37) Үкімет шешімдері бойынша Министрліктің құзырындағы салада қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалардың мемлекеттік үлестерін және акцияларының пакеттерін иелену және пайдалану жөніндегі функцияларды жүзеге асырады;

38) өз құзыры шеңберінде өнеркәсіпте және құрылыста және көлікте мемлекеттік баға және тариф саясатын қалыптастыруға қатысады;

39) қару-жарақ, әскери техника, екі ұдайы мақсаттағы өнім және соның ішінде тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) импортын лицензиялауды және бақылауды жүзеге асырады;

39-1) заңнамаға сәйкес экспорттық бақылауға жататын жүктер транзитіне рұқсаттар беру жөніндегі Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімдерінің жобаларын дайындайды;

39-2) өз құзыреті шегінде қызмет түрлерін лицензиялауды және лицензиаттардың лицензиялық шарттарды орындауын бақылауды жүзеге асырады;

40) өз құзыры шеңберінде, инвестициялық бағдарламалардың сараптамасын қоса алғанда, инвесторлармен жасалатын келісім-шарттардың өндірістік-техникалық және экономикалық сараптамасын жүргізуге қатысады;

41) өз құзыры шеңберінде, толлингтік операциялардың экономикалық және технологиялық сараптамасын жүргізеді;

42) өз құзыры шеңберінде сәулет-қала құрылысы саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыруға қатысады;

43) ішкі қажетті және экспортты қамтамасыз ету үшін қару-жарақ пен әскери техника конверсиясы және өндірісінің даму бағдарламаларын әзірлейді;

44) қорғаныстық және екі ұдайы мақсатты өнім жасаудың, өндірісінің және жоюдың ағымдық және ұзақ мерзімді бағдарламаларын іске асыруға бақылауды жүзеге асырады;

45) қорғаныс тапсырысын қалыптастыру, орналастыру және орындау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

45-1) Қазақстан Республикасының қорғаныс тапсырысын қалыптастырады, оны Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне ұсынады және бекітілген тапсырмаларды мемлекеттік тапсырысшы мен орындаушыларға жеткізеді;

45-2) қорғаныс тапсырысы тапсырмаларын орындау жұмыстарын ұйымдастыру жөніндегі салааралық үйлестіруді және бақылауды жүзеге асырады;

46) өз құзыры шеңберінде өнеркәсіптік игеру үшін ғылыми-техникалық зерттеулердің жай-күйіне және даму серпініне талдау жүргізеді, технологиялық сараптаманы жүзеге асырады;

47) өз құзыры шеңберінде, конкурстық негізде қолданбалы ғылыми-техникалық зерттеулер бағдарламаларын қалыптастыруды жүзеге асырады;

48) экономика саласында жаңашылдық қызметті үйлестіреді, ғылымды көп қажетсінетін шағын және орта бизнестің дамуына ықпал етеді;

49) өз құзыры шеңберінде, ғылымды көп қажетсінетін өндірісті дамытуға бағытталған, ғылыми-техникалық бағдарламаларды орындаушы ұйымдар республикалық бюджет қаражаты есебінен жүргізетін ғылыми, конструкторлық және технологиялық жұмыстарды үйлестіреді;

50) өз қызметі аясында заңнаманың қолданылу тәжірибесін талдайды және қорытады, оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді, заңдық және өзге де нормативтік құқықтық кесімдер жобаларын дайындауға қатысады, оларды Үкімет қарауына енгізеді;

51) Қазақстан Республикасының және басқа елдердің ұйымдарымен келіссөздер жүргізеді және шарттар жасасады;

52) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасады;

53) оған заңнамамен жүктелген өзге функцияларды жүзеге асырады.

Ескерту. 11-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.05.02. N 589 қаулысымен.

Ескерту. 11-тармақ өзгерді және толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2001.05.18. N 653 қаулысымен.

12. Министрліктің өзіне жүктелген міндеттерді іске асыру және функцияларын жүзеге асыру үшін заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметіне мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі бағыттары бойынша ұсыныстар

енгізуге ;

2) орталық және жергілікті атқарушы органдардың елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарларын, мемлекеттік инвестициялар бағдарламаларын және Үкіметтің Іс-қимыл бағдарламасын іс жүзіне асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарларын іске асыруын бақылауды жүзеге асыруға ;

3) Үкіметтің Іс-қимыл бағдарламасын іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарына түзету енгізу жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізуге ;

4) өз құзыры шеңберінде орталық және жергілікті атқарушы органдардан қажетті ақпарат сұратуға және алуға ;

5) өз құзыры шеңберінде нормативтік құқықтық кесімдер шығаруға ;

6) өз құзырындағы мәселелер бойынша халықаралық ұйымдармен және шетелдік заңды тұлғалармен келіссөздер жүргізуге және келісімдер жасасуға ;

7) сараптамалар және консультациялар жүргізу үшін орталық және жергілікті атқарушы органдардың мамандарын, сондай-ақ тәуелсіз сарапшыларды тартуға ;

8) Министрлікке ғылыми зерттеулерге бөлінген қаражат шегінде маңызды ғылыми қаржылық-экономикалық жұмыстардың тізбесін айқындауға, Министрліктің құзырына кіретін мәселелер әзірлеу үшін белгіленген тәртіппен ғылыми зерттеу ұйымдарын, сондай-ақ жекелеген мамандар тартуға ;

9) Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттермен, халықаралық ұйымдармен жасасатын сауда-экономикалық шарттары мен келісімдері бойынша ұсыныстар енгізуге ;

10) ұйымдардың банкроттығының алдын алу жөніндегі шаралар іске асыру жөнінде ұсыныстар енгізуге ;

11) қорғаныс өнеркәсібі конверсиясын іске асыруға қатысуға ;

12) ішкі және сыртқы рыноктарда отандық тауар өндірушілер өнімінің бәсекелестік қабілетін бағалауға және жылжытуға мемлекеттік қолдауды қамтамасыз етуге, импорт алмастыруды дамыту бағдарламасын әзірлеуге ;

13) ведомстволық бағыныстағы ұйымдарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату мәселелері бойынша ұсыныстар енгізуге ;

14) оған заңнамамен жүктелген өзге құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

3. Министрліктің мүлкі

13. Министрліктің жедел басқару құқығында оқшау мүлкі болады.

Министрлік мүлкі оған мемлекет берген мүліктен құралады және негізгі қорлар мен айналым қаражатынан, сондай-ақ құны Министрліктің теңгерімінде көрсетілетін өзге мүліктен тұрады.

14. Министрлікке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

15. Министрлік өзіне бекітілген мүлікті өздігінен иеліктен алуға немесе өзге

тәсілмен билік етуге құқылы емес.

Министрлікке заңнамамен белгіленген жағдайларда және шегінде мүлікке билік ету құқығы берілуі мүмкін.

4. Министрліктің қызметін ұйымдастыру

16. Министрлікті Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ұсынуы бойынша қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Министр басқарады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Министрдің ұсынуы бойынша қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Министрдің орынбасарлары - вице-министрлер болады.

17. Министр Министрліктің жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді және Министрлікке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларының жүзеге асырылуына жеке жауап береді.

18. Министр осы мақсаттарда:

1) өзінің орынбасарларының және Министрлік құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

2) заңнамаға сәйкес Министрлік қызметкерлерін лауазымдарына тағайындайды және лауазымдарынан босатады;

3) заңнамада белгіленген тәртіппен Министрлік қызметкерлеріне тәртіптік жазалар қолданады;

4) бұйрықтарға қол қояды;

5) ведомстволар туралы ережелерден басқа, Министрліктің құрылымын және құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

6) Министрліктің мүддесін барлық мемлекеттік органдарда және өзге ұйымдарда білдіреді;

7) Министрліктің жұмыс регламентін бекітеді;

8) заңнамаға сәйкес өзге өкілеттіктерді жүзеге асырады.

19. Министрдің жанындағы консультативтік-кеңесуші орган болып табылатын Министрліктің Алқасы болады. Алқаның сандық және жеке құрамын, сондай-ақ ол туралы ережені Министр бекітеді.

5. Министрлікті қайта ұйымдастыру және тарату

20. Министрлік заңнамада белгіленген тәртіппен қайта ұйымдастырылады және таратылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2001 жылғы 31 қаңтардағы

№ 165 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің
қарауындағы ұйымдардың тізбесі**

1. "Машина жасауды болжау жөніндегі ғылыми-зерттеу орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны

2. "Машина жасау" салааралық ғылыми-технологиялық орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны

3 . < * >

4. "Арнайы бағдарламалардың ғылыми-әдістемелік орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

Ескерту. Тізбе 4-жолмен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2001.04.23. N 541 қаулысымен

Ескерту. 3-жол алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2001.12.28. N 1748 қаулысымен .

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2001 жылғы 31 қаңтардағы

N 165 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. "Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 маусымдағы N 790 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 29, 256-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесінде:

"Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі" бөлімі мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"30а-1 "Машина жасауды болжау жөніндегі ғылыми-зерттеу орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны Қарағанды қаласы

30а-2 "Машина жасау" салааралық ғылыми-технологиялық орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны Алматы қаласы

30а-3 "Экономикалық зерттеулер институты" республикалық мемлекеттік кәсіпорыны (шаруашылық жүргізу құқығында) Алматы қаласы";

"Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс істері жөніндегі комитеті" бөлімінің тақырыбы мына редакцияда жазылсын :

"Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Құрылыс істері жөніндегі комитеті";

"Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі" б ө л і м і н д е

тақырыбы мына редакцияда жазылсын: "Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі";

реттік нөмірлері 105-7, 105-13-жолдар алынып тасталсын;

"Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті" бөлімінің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті";

"Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі" бөлімі және реттік нөмірі 510-жолы алынып тасталсын.

2 . < * >

Ескерту. 2-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.01.26. N 126 қаулысымен

3. "Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитетінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 10 қыркүйектегі N 1363 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 46, 422-құжат):

1) кіріспедегі "Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы" 1999 жылғы 20 мамырдағы N 144 Жарлығына" және "Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 657 қаулысына сәйкес деген сөздер алынып тасталсын;

тақырыбындағы және мәтініндегі "энергетика, индустрия" деген сөздер "экономика" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитеті т у р а л ы е р е ж е д е :

тақырыбындағы және мәтініндегі "энергетика, индустрия" деген сөздер "экономика" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) көрсетілген қаулымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитеті қарауындағы ұйымдардың тізбесінде:

тақырыбындағы "Энергетика, индустрия" деген сөздер "Экономика" деген с ө з б е н а у ы с т ы р ы л с ы н .

4. "Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Антидемпингтік бақылау жөніндегі комитетінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 14 қыркүйектегі N 1388 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 46, 427-құжат):

1) кіріспедегі "Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 657 қаулысына сәйкес" деген сөздер алынып тасталсын;

тақырыбындағы және мәтініндегі "Энергетика, индустрия" деген сөздер " Экономика" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Антидемпингтік бақылау жөніндегі комитеті туралы ережеде:

тақырыбындағы және мәтініндегі "энергетика, индустрия" деген сөздер " экономика" деген сөзбен ауыстырылсын.

5 . < * >

ЕСКЕРТУ. 5-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2001.07.02. N 904 қаулысымен